

Құланөтпес

Баяғы заманда Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы Дешт қыпшақтарды жеңгеннен кейін өзінің шағын ғана сарбаздарын алып аңға шығыпты. Жолда олар бір табын құландарға кез болады. Құланды қуам деп жүріп ол әскерінен бөлініп кетеді. Жошы шауып келе жатып садақ оғымен құландардың басшысын жаралайды. Қатты ызаланған құландар басшысы бар күшімен оның өзіне тап береді, Жошы аттан құлап апат болады. Сарбаздар өліп жтқан Шыңғысханның ұлын көріп зәруелері ұшады, мұны ханға қалай жеткізерлерін білмейді. Сарбаздардың абыржыған түрінен хан да күдіктенеді. Бірдеңе болғанын түсінеді. Егер біреу жақын арада оған жаман хабар жеткізсе басын шабамын деп ескертеді. Бір қартайған күйші ханға баласының қазасын домбырасында күй ойнау арқылы жеткізеді. Ол «Ақсақ құлан» күйін ойнайды. Тыңдап болғаннан кейін ол шалдың басын алуға бұйырады. Сонда шал: «О, құрметті хан ием! Мен өз аузыммен сізге ештеңе айтқан жоқпын, сөйлеген менің домбырам», - депті. Шыңғысхан бұл сөзге тоқтап, домбыраның көмейіне қорғасын құйғызыпты. Ал Сарыарқаның барлық құландарын үлкен ор қазып соған құлатуды бұйырыпты. Осы үлкен ор уақыт өте суға толыпты, ол «Құланөтпес» өзені деп аталыпты. Жошы ханның қорымы Ұлытау ауданының жерінде орналасқаны бәрімізге мәлім.